

С. Ж. Тоқтабеков, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ІІО ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ, ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАРДЫ НЕМЕСЕ ЖАНАТЫН МЕХАНИЗМДЕРДІ ТАБУ КЕЗІНДЕГІ ТАКТИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

Бұл қаралып отырған мәселе бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдарынан естіп отырғанымыздай әлемнің әр жерлерінде болып жатқан жарылыстардың әсерінен қаншама жазықсыз адамдардың өлімдері мен елдің экономикасына едәуір шығындар келтіретін ланкестік топтардың жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды көптеп қолданулары соның бір айғағы деп есептеуге болады. Мысалға алатын болсақ, қазіргі уақытта кейбір террорлық ұйымдар адамдардың (көбінесе қызбалдарды) бастарын айналдырып, денелеріне жарылғыш құрылғыларды орнатып, өздерінің ойлаған мақсаттарына жетуде. Сондықтан Ішкі істер органдарының қызметкерлері жұмыс барысында егер де жарылғыш заттары мен жарылғыш құрылғыларды байқап қалған сәттерінде қандай іс-әрекеттер жасау керек екендігі, сондай-ақ жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғылардың түрлері туралы. Жарылғыш құрылғылардың түрлері алуан түрлі. Қазіргі таңда адамдардың өмірі мен денсаулығына, мүлкіне қауіп төндіретін әрі кеңінен өріс алып отырған заманда террористік (ланкестік) топтар жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды кеңінен қолдануда.

ІІО қызметкері жарылыс қаупі төну хабарын алысымен ол туралы ІІО бастығына жедел хабарлауы міндет, ол болған жерге арнайы полиция қызметкерлерін жібереді. Қылмыс жасалғанда қолданылатын шаралардан террорлық акт жағдайындағы қауіпсіздік шараларын ұйымдастырып, жоспарлау шаралары өзгеше болып келеді. Жоспардың басты міндеті — азаматтар қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ал меншікті қорғау екінші кезектегі іс болып табылады.

Жарылыс қаупі төну туралы хабар келіп түскенде кезекші ол туралы жоғарғы тұрған органға хабарлауы тиіс, содан соң терроршыларға еш уақытта сенбеуі керек; әңгіме қай жерден жүргізіліп тұрғанын анықтау мақсатында телефон соғушының көпке дейін телефон құлағын қоймай тұруына барынша күш салуға тиіс; фамилиясын, аты-жөнін сұрауға тиіс, қайтадан телефон шалуын сұрауы; мүмкіндігінше әр сөзін жазып алған дұрыс мұны магниттік таспа көмегімен жазғаны дұрыс; телефон әңгімесінің басталу уақыты мен соңын тізімге тіркеп қойғаны жөн.

Тәжірибе көрсеткендей ішкі істер органдары жарылғыш құрылғылар туралы көптеген хабарламалар алады, сондықтан кезекшіде бұл жағдайда негізге алатын әрекеттері оларды саралау. Ол туралы ереже кітапшалар болуға тиіс. Сондықтан кейде қауіпті әзіл екеніне қарамай ережеге сәйкес іс-қимылға баруға мүмкіндік береді.

Жарылыс қаупі төнген объектіні анықтағаннан кейін, полиция қызметкерлері жарылыс заттары немесе тұтандырғыш механизмдердің орналасқан орнын іздеуді жүзеге асырады. Жарылыс қаупі төнген объектінің ерекшелігімен түрін ескеру іздеудің нәтижелілігінің кепілі іздеудің нәтижелі болу үшін, жарылыс қаупі төнген объектінің ерекшелігі мен түрін ескеру қажет. Объектілер бір қалыпты және жылжымалы болып бөлінеді. Бір қалыпты объектілерге белгілі бір территория ондағы және басқа да құрылыстар жатады. Жылжымалыға автокөлік, теміржол көлігі, ұшақтар, судағы көліктер т.б. жатады.

Бір қалыпты объектідегі жарылыс құрылғысын, жарылғыш заттарын тұтандырғыш механизмдерін іздеу ғимараттың сыртқы жағынан біртіндеп ішке ену арқылы жүргізіледі, су құбырлары, терезе жақтаулары, бұталар, ағаштар, топырақ үйінділері, ғимарат жанындағы қоқыс салғыштары қаралады, ғимарат ішіндегі іздеуді көпшілік пайдаланатын орындардан бастау қажет (дәліз, дәретхана, сатылар, лифт шахталары, лифтінің өзі, телефон бөлмелері, өрт сөндіру қораптары, қабырға сөрелері, мәжіліс залдары, т. б.).

Лифт шахталары мұқият тексеріледі. Бұл үшін қызметкердің бірі лифт бөлмесіне кіріп, әрбір қабатқа жылжи отырып, барлық қабаттарды шаммен тексеріп шығады.

Сондай-ақ, лифтінің тепе-теңдік салмағының төмен жылжуы және лифтінің сымдары тексеріледі. Егер бөлменің аспалы төбесі болатын болса, оның арасы тексеріледі. Ерекше назарды үстел, орындықтарды қарауға аударған жөн. Себебі жарылғыш зат олардың астыңғы жағына жапсырылуы мүмкін. Тексерілген жерлер белгіленуі керек. Іздеу төменнен (жер асты бөлмелерінен) жоғарғы қарай (шатырды қоса) жүзеге асырылады.

Автомобильдегі жарлығыш заттар немесе тұтандырғыш механизмдерді іздеу үшін мыналар қажет:

– автомобильдің сыртқы жағын қарау, автомобильді айналып өту, дөңгелектің асты-үстін қарау, түтін түтіктерін, жанармай багінің түбін тексеру

– сезік тудыратын заттарды — сымдар. т. б. автокөлікке бекітілген тетіктерді тексеру

– жарлығыш заттар автокөліктің кезкелген қозғалмалы бөліктерінде немесе электр кернеуі өткізілетін бөлшектерде қойылуы мүмкін.

Егер автокөлік ұзақ уақыт қараусыз тұрса, онда міндетті түрде тексеру жүргізген дұрыс. Есіктердің, жүк салма құлыптарының бұзылу белгілерінің, жоқтығына көз жеткізген жөн. Құралдардың кезкелген ізі белгісіз біреудің автокөлікке енуге әрекет жасағандығын танытады. Автокөліктің салонын қарау үстінде көрсеткіш приборының және орындықтар астынан көрінген сезікті заттардың жоқтығына көз жеткізу керек.

Сабын салғыш көлеміндегі, сәл тербелістен әсер алатын жарылғыштар жанармай багінің астында бірнеше секунд ішінде қойылуы мүмкін. Жарлығыш заттарды оталдырғышқа жалғау ұзақ уақыт алады.

Жарылыс құрылысын, жарлығыш заттарын немесе тұтандырғыш механизмдерін ұшақтан іздеу әрекеттері туралы қысқаша айта кетейік.

Егер қауіп төндіру әрекеті белгілі бір нақты әуекомпаниясына немесе нақты бір рейске бағытталса, ол жөнінде тез арада әуежай әкімшілігі мен авиация басшылығына хабарлаған жөн.

Жарылыс құрылысын және жарылғыш заттарды немесе тұтанғыш механизмдерді тапқандағы әрекет.

Сезік тудыратын заттарды тапқанда мынадай әрекет істемеген ләзім: ашуға, қозғауға, шығаруға, отқа өртеуге, суға салып, ылғал күйінде сақтауға, июге, механикалы жылжытуға т. б.

Егер де жарылыс құрылысы жарылғанда ПО кезекшісіне дереу хабарлау керек те, ғимараттың қауып келер бөлмелерінен адамдарды көшіру керек. Жарылыс жөнінде коммуналды қызметке жедел хабарлап, олардан апаттың алдын алу және жою қызметін жасайтын қызметкерлерді жіберуді өтіну.

Мәселені қорытындылай келе, бүгінгі таңда кең етек алып отырған мәселердің бірі ланкестік топтардың, болмаса кішігірім заңсыз әскерилендірілген құрылымдардың көбісі жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылыстарды көптеп қолдануда. Бұдан келетін қаншама жасықсыз адамдардың өлімдері мен зардаптарын, шығындарын ойлап қарасақ, біраз адамзат баласына ой салады. Бұқаралық ақпарат құралдары жариялап немесе теледидар беттерінде көрсетіп жатқан бетінде әлемнің кезкелген жерлерінде болып жатқан жарылыстар, сондай-ақ осы жылғы әлемдегі жарылыстар қандай да бір тұлғалардың іс-әрекеттері деп айтуға болады. Сондықтан біздің елімізде осындай жарылыстарды болдырмау мақсатында ішкі істер органдары қызметкерлері көптеген жұмыстар атқаруда. Бүгінгі таңда бұл қылмыстың түрі әлемде алдыңғы қатарда тұрған қылмыстардың бір түрі болғандықтан ішкі істер органдарының қызметкерлерінің осы сұрақ бойынша біліктіліктерін арнайы мақсаттағы бөлімшенің мамандарының жетекшілігімен тәжірибелерін арттырып тұрса деген ой келеді.

